



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Референдум нәтижесі ел қолдауымен көрініс табады



Философия, саясаттану және дінтану институтында «Конституциялық реформа Жаңа Қазақстанның саяси-құқықтық негізі ретінде» тақырыбында өткен конференцияда конституциялық реформаның өзекті мәселелері, жаңа Қазақстанның саяси-құқықтық аспектілері, жалпыұлттық референдумның мақсаты мен міндеті талқыланды.

Институттың жетекші ғалымдары мен сарапшылар жиын барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жалпыұлттық референдум өткізу бастамасын қолдай отырып, реформалар нәтижесінде еліміздің саяси дискурсы, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық барысына қатысты өзгерістерге қатысты басымдықтарға тоқталды.

Конференцияны институттың Саяси зерттеулер орталығының директоры, философия ғылымдарының кандидаты Айдар Әмребаев жүргізді.

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өткізуді қолдайтын Алматы қалалық штабының мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры, академик Серік Сейдудманов конференцияға қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Қазіргі кезде респонденттердің алпыс пайыздан астамы референдумға қатысуды қолдайды. Ал алдағы күндерде бұл көрсеткіштің арта түсетіндігіне сенім білдірген С.Сейдудманов құқықтық өркениеттілік, ішкі саяси мәдениетке қатысты мәселелерге тоқталды.

Саясаттанушы, ҰҚСҚ мүшесі Расул Жұмалы «Бұған дейін елімізде, халықаралық кеңістікте орын алған саяси ахуалды ескергенде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғам алдына саяси реформаларды жүзеге асыруға қатысты шешім қабылдауы батыл қадам», деп атап өтті. «Ал референдум өткізу өркениетті қоғамға тән. Әрине, болар іске сыншы көп. Осы орайда кез келген елдегі саяси реформаларды ой

елегінен өткізіп, талдау жасаудың маңызы мол», деді сарапшы. Р.Жұмалының айтуынша, бүгінде мемлекеттік құрылым осындай сараптамалық ғылыми тұжырымдарға зәру. «Қоғамды соңғы онжылдықтарда белең алған әділетсіздік, әлеуметтік теңсіздік, жемқорлық, ашықтықтың жеткіліксіздігі сияқты факторлар алаңдатып келді. Осы орайда көше демократиясымен емес, қоғамның өзін саяси үрдістерге қатыстыра отырып оң нәтижеге қол жеткізудің маңызын уақыт көрсетіп отыр. Осы орайда өзгерістерді қалап отырған қоғам үшін референдумның барысын түсіндіру жұмыстары жеткіліксіз жүріп жатыр», деген Р.Жұмалы сауатты, өркениетті ақылға жеңдіретін реформалар дәл осы кезеңде еліміз үшін аса қажет екенін атап өтті.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сәбит халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, кадрлар даярлау, қоғамдағы әділеттілік туралы пікірімен бөлісіп, елдегі реформаларды қолдайтындығын білдірсе, институттың бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты Раушан Сартаева «Өтпелі кезеңде еліміз жаңғыруына бағытталған міндеттерді жылдам жүзеге асырудың маңызына тоқталып, әлеуметтік, құқықтық мәдениетті арттыру, рухани дамуымызға мән бере отырып, мықты құқықтық базамызды қалыптастыру қажет», деп атап өтті. Бұл бағытта сапалы білімнің, отбасының, бүтіндей қоғамның белсенділігі маңызды екенін де алға тартты.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.



Мемлекет басшысы Садыр Жапаровпен сөйлесті

Қырғызстан Президенті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты туған күнімен құттықтап, оған зор денсаулық және Қазақстан халқының игілігі жолындағы аса жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Әңгімелесу барысында қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігінің даму перспективалары талқыланды. Осы ретте Қазақстан Президентінің Қырғызстанға жоспарланған ресми сапарына ерекше назар аударылды.

Президенттер алдағы уақытта өтетін жоғары деңгейдегі келіссөздердің екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

Несие берудегі белсенділік



Несие көлемі 1,31 трлн теңгеге жеткен. Бір жыл ішінде банк қарыз портфелін 18,2 пайызға дейін ұлғайта алған. Бұл банктің бірер апта бұрын ғана ресейлік еншілес «Альфа-Банкті» сатып алып, оны Есо Банк жаңа брэндімен қайта тіркеуден өткізгенін де айта кетейік.

Айлық динамикада оң өсім көрсеткендер ішінде Halyk Bank (+2,7 пайыз) пен Jusan Bank те (+1,6 пайыз) бар. Ал соңғы бірер ай көлемінде санкция салдарынан жағдайы ушығып, акционерлерін ауыстыруға мәжбүр болған «Сбербанк Қазақстан» мен «Альфа-Банктің» наурыз айында қарыз портфелдері минус 4,6 және минус 2,1 пайызға төмендеп кеткен. Басына мұндай жағдай түспесе де Kaspi Bank (минус 2,3 пайыз) пен «Отбасы банктің» де (минус 1,5 пайыз) қарыз портфелі кері кеткен.

Биыл наурыз айында екінші деңгейлі банктердің қарыз портфелі 0,7 пайызға артып, 20,45 трлн теңгеге жеткен. Сарапшылардың айтуынша, банктер жеке және заңды тұлғаларға белсенді несие көмегін жасап жатыр. Бөлшек сегментте кепілсіз несие алу процесі толықтай автоматтандырылған. Клиенттер тұтынушылық несиелердің 50 пайызын мобильді қосымша арқылы алуға машықтанған.

Несие белсенділігін сақтаған банктер арасында ForteBank (+10,9 пайыз, 1,02 трлн теңге) көш бастайды. Банктің жылдық динамикадағы көрсеткіші де жоғары (+30,9 пайыз). Үздік ондықтағы банктер арасынан займ көлемінің айлық өсімі бойынша екінші орында «Еуразиялық банк» тұр (+6,2 пайыз, 801,9 млрд теңге). Жылдық динамикада қаржы институты 28,2 пайыз өсім көрсеткен. Үшінші орында – айлық 6,2 пайыздық өсіммен «Банк ЦентрКредит». Қаржы институтының халыққа берген не-

Ал қарыз портфеліндегі мерзімі өткен берешектердің үлесі сәуір айында 6,6 пайызды құрапты. Бір ай бұрын – 6,8 пайыз, жыл бұрын 10,6 пайыз болған. Сомаға шаққанда – 1,34 трлн теңге. Жалпы, төленбегеніне 90 күннен асқан несиелер үлесі бүкіл займ портфелінің 3,6 пайызын құрайды. Бір ай бұрын – 3,5 пайыз, жыл бұрын 7,1 пайыз болған. Сомаға шаққанда – 729,2 млрд теңге.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Бір отбасыға баспана берілді



Облыс әкімі Ө.Шөкеевтің бастамасымен 2020 жылы қаңтар айында «Қамқорлық» бағдарламасы қолға алынған болатын. Соның аясында Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің меншігіне Құмкент

ауылдық округінен бір тұрғын үй сатып алынған болатын. Созақ ауданы әкімдігінің қаулысы негізінде «Нұрлы жер бағдарламасы» бойынша сатып алынған сатып алу құқығынсыз арендалық тұрғын үй Құмкент ауылдық округінің тұрғыны, көп балалы ана, «Күміс алқа» иегері, тұрғын үй кезегінде тұрған Нуралиева Жаннаға берілді. Осы үйге ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы бастап, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Досболов және де ауыл қариялары барып құттықтап, батасын берді. Ауылдық округінің әкімі Ф.Пәрдебекұлының ұйымдастыруымен Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының ұжымының атынан Нуралиева Жаннаның отбасына теледидар табыс етілді. Нуралиева Жанна балаларымен өз қуаныштарын білдіріп, алғыстарын айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.



ҚР Мәжілісінің депутаты ауданымызда болды

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Дархан Мыңбай Созақ ауданының тұрғындарымен кездесіп, жалпы ұлттық референдум бойынша халықты ақпараттандыру жұмыстарын жүргізді.

Сапар барысында Дархан Мыңбай аудандық ардагерлер үйінде зиялы қауым

өкілдерімен, «Жастар орталығы» ғимаратында белсенді жастармен кездесті. Сондай-ақ, Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейінде болды. Музейдегі тарихи жәдігерлермен танысып, жоғары бағасын берді. Мәдениет және спорт саласы қызмет-

керлерімен жүздесті. Кездесуді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жүргізіп отырды. Онда Мәжіліс депутаты референдумда қаралатын мәселелер, Ата Заңға енгізілетін өзгерістер жайына тоқталып, бұл саяси қадамның маңызды екенін атап өтті. Әрбір азамат референдумға қатысуы тиіс екенін жеткізді.

Сапар аясында тұрғындар тарапынан сауалдар қойылды. Жастар заман талабына сай зияткерлік мектебін ашуды көтерді. Құмкент және Жартытөбе ауыл округінде ауыл ақсақалдары газдандыру мәсе-

лесін қозғады. Денсаулық сақтау саласы, әйелдердің зейнет жасына қатысты сұрақтар да көпшілік тарапынан қалыс қалмады. Мәжіліс депутаты жұртшылық көтерген мәселелерді жеке қарауына алып, тиісті министрлікке жеткізетінін айтты.

Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім қызметкерлерін қабылдады

Биыл ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім қызметкерлерін қабылдады.

жөніндегі бөлімі қызметкерлеріне алғысымыз үлкен, - деді аудан басшысы.

Сондай-ақ «Қарулы Күштер ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестіктің облыстық филиалының «Қарулы күштері қыз-



-Бүгінде қорғаныс саласына мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп келеді. Қашанда ел шетін жаудан қорғайтын әскери қызметкерлердің орны ерекше. Біздің міндет өскін ұрпаққа патриоттық тәрбие беріп, елін жерін қорғайтын азамат ретінде тәрбиелеу. Осындай істі ұйымдастырып отырған аудандық қорғаныс істер

меті үшін» медалін табыс етті. Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшысы, подполковник Ерлан Манапов, мереке қарсаңында құрмет көрсеткен аудан басшысына алғысын жеткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жартытөбе ауыл округіндегі ардагерлер мен мектеп бітіруші түлектер Арыстан-баб кесенесі мен Түркістан шаһарына барды. Киелі жерге зиярат етті. Ауыл азаматтарын саяхат жасауға демеушілік жасаған «Орталық» ӨК ЖШС-і екенін айта кетуіміз керек. Арнайы жол патрульдік полиция көлігі бастап, жанға жайлы үш автобус, үш жеңіл автокөлік 150 оқушы мен ардагерді бір күндік саяхат жасады. Жоғары дәрежеде өткізген саяхатқа барушылар дән риза. Арыстан-баб кесенесіне зиярат етіп, киелі Түркістан шаһарындағы жаңа нысандарды аралады. Керуен сарайында болып, іскерлік орталықты көрді. Қожа Ахмет Ясауи баба кесенесіне барып, әр-уақтарға құран бағыштады.

Әр бастамамызға қашанда қолдау білдіріп отыратын «Орталық» ӨК ЖШС-нің бас директоры Мәркенбаев Жұмағали Жұматайұлына ризашылығымызды білдіреміз. Бүгін ауыл ақса-

Жартытөбеліктер киелі жерге саяхаттады



қалдары мен мектеп бітіруші түлектерді жаңарған жаңа қала Түркістанға, Арыстан баб кесенесіне зиярат етіп, саяхат жасауды ұйымдастырды. Ас-ауқатын ұйымдастырып, барлық жағдайын жасады. Тұрғындар дән риза,- дейді Жартытөбе ауыл округінің әкімі Болат Есенқабил.

Айта кетуіміз керек, «Орталық» ӨК ЖШС-нің бас директоры Мәркенбаев Жұмағали Жұматайұлы Жартытөбе ауылындағы игі істің басы-қасында жүреді. Мерекеде тыл ардагерлері мен алтын құрсақты аналарға құрмет көрсетіп, демеушілік жасайды. Балалар ойын алаңы мен спорттық алаң салуға да қол ұшын созды.

«Созақ үні»-ақпарат.

5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ өзгерістердің АЙҚЫН 10 көрінісі

№	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
6-бап 3-т.	3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ХАЛЫҚА ТИЕСІЛІ. Халық атынан меншік құқығын мемлекет меншігінде болады.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ХАЛЫҚА ТИЕСІЛІ. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.
15-бап 2-т.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы заңмен белгіленеді	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
43-бап	Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ	3. Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИІС. 4. Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.
46-бап 4-т.	4. Қазақстанның Тұңғыш-Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.	4. АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН
50-бап 3-т.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ.

№	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
VI бөлім	Конституциялық кеңес	Конституциялық СОТ
72-бап	Қолданыстағы редакцияда мұндай мүмкіндіктер жоқ	3. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.
83-1-бап ЖАҢА	Қолданыстағы редакцияда мұндай институт жоқ	1. Қазақстан Республикасындағы АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ АДАМНЫҢ және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
87-бап 4, 5-т.	4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗІЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.
91-бап 2-т.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасының мәртебесі өзгермейді.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады. <i>Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады</i>

Республикалық референдумға қатысу-азаматтық борыш

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылдың 5 маусымында Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау бойынша бүкілхалықтық Референдум өткізуді белгіледі.

Бұл Референдум-халық билігінің айқын үлгісі, әрбір қазақстандықтың өз азаматтық ұстанымын білдіру арқылы Жаңа Қазақстанды құруға тікелей үлес қосуының жарқын көрінісі. Мемлекет Басшысының Жаңа Қазақстанды, Екінші Республика құру идеясының Референдум өткізуден бастау алуы өте қуанышты жағдай әрі тарихи оқиға. Өйткені бұл 27 жылдан кейін өткізіліп отырған екінші Референдум. Бұған дейінгі Конституцияға өзгерістер Парламентте талқыланып, енгізіліп келген. Өткізілгелі отырған Референдумның тарихи мән-маңызы ол тұтастай ұлттың тағдырына қатысты мәселелерді халықтың талқысына шығару, оның мемлекеттік билікке тікелей қатысуын қамтамасыз ете отырып, демократия негіздерін орнықтыру болып табылады.

Бүгінде облыста Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Референдум өткізу жөніндегі баршамыздың алдымызға қойып отырған міндетін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен Қоғамдық штаб құрылып, оған төрағалық ету маған жүктелді. Аталған қоғамдық штабқа үкіметтік емес ұйымдар, зиялы қауым, бұқаралық ақпарат құралдары және саяси партиялар («Аманат», «Ақжол», «Ауыл») өкілдері, қоғам қайраткерлері, жас мамандар, облыстық мәслихаттың депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, этно-мәдени бірлестіктердің және білім саласының өкілдері, блогерлер енгізілді. Барлығы 58 адам.

Осы орайда, облыстық қоғамдық штаб төрағасы ретінде Конституцияға енгізілетін өзгерістер туралы түсіндіріп өтуді жөн санап отырмын.

Айта кетейін, Түркістан өңірінде 914 сайлау учаскесі, 1 млн 163 мың сайлаушы бар. Сайлаушыларға Конституциялық реформалар туралы түсіндіру Штаб жұмысының негізгі бағыты болып табылады.

Қазіргі Ата Заңымызда 98 бап бар. Референдумда соның 33 бабына түзетулер енгізіледі. Бұл Конституцияның 3/1 бөлігі өзгереді деген сөз. Конституциялық реформа негізінен барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Бұл жөнінде Президент қазақстандықтарға арнаған

Жолдауында: «Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар Президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді», - деген болатын. Мемлекет басшысының айтуынша, Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Парламенттің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Сонымен қатар, халықтың ел басқару ісіне араласуы кеңейтіліп, азаматтардың құқық қорғау тетіктері күшейтілетін болады.

Нәтижесінде билік тармақтары арасындағы өзара қарым-қатынастардың оңтайлы балансы қалыптастырылып, мемлекетпен қоғамның арасында тиімді диалог орна- тылады.

Осы тұста, суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып президенттік республика моделіне өту мақсатында келесі өзгерістерді енгізу, яғни Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттілігі кезеңінде саяси партияға мүше болмау, Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет атқаруға, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басшы болуға құқығын алып тастау, Тұңғыш Президенттің президенттік лауазымға шексіз ұсынылу құқығын алып тастау, Тұңғыш Президенттің өкілеттілігіне қатысты барлық норманы алып тастау, Тұңғыш Президенттің өзгеріссіз қалған Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы деген мәртебесін алып тастау (Конституцияда «Елбасы» және «Тұңғыш Президент» термині жоқ), Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері актілерінің күшін жою не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұру жөніндегі өкілеттіктерін алып тастау және Президенттің Сенаттың 15 депутатын емес, 10 депутатын тағайындау, ал оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындау, Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өңір (қала) мәслихаттарының барлық депутаттарының келісімін ала отырып баламалы негізде (көмінде екі кандидатура ұсыну арқылы) тағайындау, Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін қызметтен босату жөніндегі өкілеттігін алып тастау



Қ.БАЛАБИЕВ,
Референдумға қолдау көрсету мақсатында құрылған Түркістан облыстық Қоғамдық штаб төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы.

көзделуде.

Сондай-ақ, биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу бойынша Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өңір (қала) мәслихаттарының барлық депутаттарының келісімін ала отырып баламалы негізде (көмінде екі кандидатура ұсыну арқылы) және Конституциялық Сот төрағасын, Жоғары Сот Кеңесі Төрағасын Президент Парламент Сенатының келісімі бойынша тағайындайды.

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып қайта құрылады, ол ішкі саясат мәселесі бойынша ұсыныстармен ұсынымдар береді.

Ал, Парламенттің рөлімен мәртебесіне тоқталсақ, Мәжіліс бұрын заң жобаларын қарайтын және мақұлдайтын болса, енді заңдарды қабылдайтын болады. Оның құрамы енді 107 депутаттан емес, 98 депутаттан жасқалады. Қазақстан Халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы жойылады.

Сенат бұрын заң қабылдаса, енді заңдарды мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесі негізінде жасқалады: оның біріншісі, біртұтас жалпы ұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалдық өкілдік жүйесімен, екіншісі бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Мәжілісте жылына екі рет есеп береді.

Сайлаушылардың бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады.

Президент Сенаттың 15 депутатын емес, 10 депутатын тағайындайды. Ал оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайында- лады.

Конституциялық заңдар Парламент Палаталарының бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылданады.

Халықтың өмірімен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады. Аталған заң жобалары қаралып жатқанда республика Үкіметі заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға құқылы.

Халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту мақсатында Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заң конституциялық мәртебе және оған Конституциялық кепілдіктер беріледі. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы.

Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған сот актісінің негізінде ғана мәжбүрлі еңбекке жол беріледі.

Сондай-ақ, өлім жазасына тыйым салынады.

Жалпы, бұл өзгерістер халықтың көп жылғы талап-тілектерінен туындап отырғаны анық. Өз кезегінде, бұл реформалар халқымызға мемлекетті басқару ісінде кең мүмкіндіктерге ие болуға жол ашып отыр. Сондықтан еліміз үшін тағдыршешті шешімдер қабылданып жатқан шақта Мемлекет Басшысы баршамыздың алдымызға қойып отырған міндеттерді абыроймен атқарып, Жаңа Қазақстанымыздың, Екінші Республикамыздың негізін қалауға, Ата Заңымызға өзгерістер енгізу арқылы мемлекеттілігіміздің моделін кешенді трансформациялауға аянбай атсалысайық! Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік!

БАЛАЛАРДЫҢ БАЛҒЫН ЖҮЗІ ҚУАНЫШҚА БӨККЕН КҮН

Балалар жылы
2022

“Бүгінгінің баласы-ертеңінің данасы” деген тәмсіл ежелден бар ғой. Бүлдіршіндер-ертеңгі елдің тізгінін мықтап ұстар, ел болашағы, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты болуы ертеңгі ел тағдыры! Балаларды қолдау мақсатында аудан балабақшаларында жүйелі де, маңызды жұмыстар атқарылуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялауына байланысты ауданымыздың ішінде бүлдіршіндерге арналған түрлі іс-шаралар жүзеге асып, байыпты бастама аудан жұртшылығы мен балалар тәрбиеленетін мекемелерде зор қолдауларға ие болуда. Президентіміз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін баса айтып, жылды балалар жылы деп жариялап,



жас ұрпақты жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлғаларды қалыптастыруды басты бағыт етіп ұстану керектігін алға тартқан еді. Бүгінгінің баласы-ертеңгінің данасы деген

тәмсіл ежелден бар ғой. Бүлдіршіндер-ертеңгі елдің тізгінін мықтап ұстар, ел болашағы, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты болуы ертеңгі ел тағдыры! Балаларды қолдау мақсатында балабақшада жүйелі де, маңызды жұмыстар атқары-

луда. Президент өз сөзінде «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы-мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деген ұлағатты сөзі әр баланың жүрегіне жол табуы керек. Осы басым бағытты ұстанған аудан орталығын-

дағы «Айшуақ» бөбекжай балабақшасы “Туған жердің гүл жайнаған балғындары” атты шараны аудан орталығындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында өткізді. Балабақша меңгерушісі, аудандық мәслихаттың депутаты Гүлшат Есмұратова мен осы жолдардың авторы сахна төріне көтеріліп, бүлдіршіндерді айтулы шарамен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Артынша өнерпаз балғындар сахнада өз өнерлерін сан қырларынан көрсетіп көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Мұнда алдымен балабақша тәрбиешілерінің маңдай терлері мен адал еңбектері айқын аңғарылып тұрды. Барша балабақша ұжымы мен өнерлі балғындарға тек алғыс пен толағай табыстар тілейміз!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жақында аудан әкімінің аудан жұртшылығымен болған кездесулерінде аудан тұрғындары тарапынан орман шаруашылығы саласына қатысты ұсыныс-пікірлер айтылып қалды. Осы орайда Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі ММ КММ-нің директоры Жүнісхан Мырзаханұлы Әлімбаевпен сұқбаттасып, бүгінгі таңда ауданымыздағы орман шаруашылығы саласында болып жатқан оң өзгерістерге шолу жасап, газет оқырмандарының көкейінде жүрген кейбір сауалдарға бірлесе жауап іздеуге тырыстық.



ҚҰБА ИЕН ДАЛАМЫЗҒА ҚҰЛАН КЕЛЕДІ

Немесе өркениет жасыл желекпен өлшенеді

-Жүнісхан Мырзаханұлы әңгімемізді тарих қойнауынан бастасақ, өзіңіз басқарып отырған Созақ орман шаруашылығы қай жылы құрылды?

-Созақ орман шаруашылығы 1962 жылы ҚазССР мемлекеттік орман шаруашылығының 1962 жылғы ақпан айының 19 жұлдызындағы № 71 және Оңтүстік Қазақстан өлкелік орман шаруашылығы басқармасының 1962 жылы қараша айының 29 жұлдызындағы № 128 бұйрықтарына сәйкес, бұған дейін Түркістан орман шаруашылығы құрамына еніп келген Созақ орман саяжайы негізінде құрылған.

1964 жылы Созақ орман шаруашылығы болып құрылған. Штат саны 17 адам болған. 1988-1989 жылдары Созақ орман шаруашылығы Түркістан орман шаруашылығына қосылған. Созақ орманшылық учаскесі болып қалды.

1990 жылы Созақ орман шаруашылығы қайта бөлініп шыққан.

-Қазіргі кезде орман шаруашылығы қалай аталады? Штат саны қанша?

-Қазіргі кезде «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып аталады. Штат саны 108 адам. 2020 жылы орман орналастыру жұмыстары нұсқамасы бойынша, 2022 жылға 40 штат алу жоспарда бар.

Жоспар бойынша орман қоры жерлеріне жақын орналасқан ауылдардан мамандықтары бойынша бос орындарға жұмысқа қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, 2021 жылы облыс әкімінің қолдауымен облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, жаңа нысандағы ғимарат салынып, пайдалануға берілді. Техникалық базаларымыз 16 жаңа типтегі тракторларымен, қызметтік машиналарымен жаңартылды. Сондай ақ орман қоры жерінде қызмет атқаратын барлық жұмысшы-қызметкерлер, орманшылар арнайы қызметтік формалармен қамтамасыз етілді.

Жаңа ғимарат маңынан көгалдандыру мақсатында сәндік ағаштар, шыршалар, аққайындар және түрлі жеміс көшеттері отырғызылды.

Аудан әкімінің нұсқамасына байланысты, ауданды көгалдандыру мақсатында Шолаққорған-Шымкент бағытындағы бөлінген сектірлерге байланысты бұрын құраған талдардың барлығы жаңартылып 1800 жаңа көшет егіліп суғару жұмыстарын жүргізудеміз.

-Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына

сәйкес орманды алқапты ұлғайту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып өтсеңіз?

-Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауының 7-бағдарында Үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды нақты жүзеге асыруға кірісуді тапсырған болатын. Президентіміздің жолдауына сәйкес Биологиялық әр алуан түрлілікті сақтау және тиімді пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарларды бекітілген.

Алдағы бес жыл ішінде орман алқабында 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызылу жоспарланған. Бұл жоспар жүзеге асырылып, еліміздегі экологиялық жағдайдың жақсаратындығы жөнінде айтылып өтілді.

Президент Жолдауындағы алдағы 5 жылда республиканың орман қоры жерлерінде 2 млрд түп көшет егу тапсырмасын іске асыру шеңберінде Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ бойынша облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес 2021-2025 жылдар аралығында жоспарды орындау, көгалдандыру жұмыстарының өз деңгейінде сапалы жүргізу мақсатында тиісті жұмыстар бастау алды.

Бұл ретте «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ 2021 жылды қоса алғанда алдағы бес жыл көлемінде 32 мың гектар алқапқа көгалдандыру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз. Осы 32 мың гектарға сексеуіл ағашының көшетінен және сексеуіл тұқымынан отырғызу, егу жоспарда бар, мұндағы мақсат құмды өлкенің негізгі ағаш тұқымын құраушы сексеуіл ағашының құмды өлкелердегі өсімін молайту. Сексеуіл ағашы құмды өлкедегі құмның көшкінінен және топырақтың эрозияға ұшырауынан сақтайтын бірден бір ағаш болғандықтан алдағы 5 жыл көлемінде орасан зор жұмыстар атқарылмақ. Жалпы сексеуіл ағашының 1-түбі құмды аймақтарда құм көшкіндерінің 4-тонна құмынан сақтайтындығы дәлелін тапқан. Сексеуіл ағашы осы сусымалы құмды аймақтардағы елді мекендерді құм басып қалу қауіпінің

алдын алатын бірден бір өсімдік.

Осы жоспар аясында биылғы жылдың күзінде 6500 гектар жерге сексеуіл тұқымын, көшетін егу үшін жер айдау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жер айдау жұмыстарына мекемеден 9 техника бөлінді. Жер айдау жұмыстарын мамыр айының соңында аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Созақ ауданы аумағы құмды аймақ болғандықтан, сексеуіл ағашы ауданымыздағы құмды жердің көп жерлерінде табиғи жолмен және орман шаруашылығы мекемесінің атқарумен егіліп көбейтіліп келеді. Президент тапсырмасымен 2 млрд ағаш көшетін отырғызу республика көлемінде болғандықтан, біз облыс орталығы Түркістан қаласының айналасындағы жасыл белдеуді құруға өз үлесімізді қосудамыз. Осы бағдарлама аясында орман қоры және суармалы жерлерден 95 гектар аумаққа сексауыл, қарағаш, терек шырша көшеттерін егіп «Жасыл белдеу» бағдарламасына орай Түркістан қаласының көркеюіне ұдайы көмек көрсетіп келеміз. Президентіміз жолдауын басшылыққа ала отырып ауданымыздың тұрғындарына, аудан көлемінде жасыл желекті бей берекет сындырмауға және елді мекен айналасын көгалдандыру жұмыстарына қолдау көрсетуге шақырамыз.

-Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің орманды, аң құстарды қорғау өсімін молайту барысында атқаратын қызметі жайлы баяндап өтсеңіз?

-Орман шаруашылығы мекемесі жалпы алғанда орманды өрттен, сұғанақтықтан және де басқа орман қоры жерлеріндегі заң бұзушылықтан қорғау, орман қоры жерлеріндегі ағаштар мен бұталарды және аң құстарды қорғау өсімін молайту мақсатында жұмыстар атқарады.

-Атап айтар болсақ орман қоры жерлерінде басқа аймақтарда жыл сайын әр-түрлі жағдайларда орман өрттері орын алып едеуір алқаптар өртке шалынып жатады. Өз кезегінде өртке оранған алқаптардағы жылдар бойы күтіліп қорғалып келе жатырған ағаштар түгі қалмай жанып табиғатқа орасан зор зиян келтіріп, экологиялық жағдайлар туындатып жатады. Осы жағдайларды болдырмау үшін ауданымыздағы орман қоры жерлері мен орман қоры жерлерімен шекаралас алқаптарда өрт оқиғасын болдырмау алдын алу шараларын Созақ орман ММ мекемесі жыл сайын жоспарлар жасап іс-

шарлар жүргізіп келеді. Оның дәлелі ауылдық орман қоры жерлерінде жыл сайын 1720 шақырым жерге минералды жолақтар жүргізіп, өртке қарсы аса қауіпті аймақтарға өрт қарауылдау бекеттерін қойып, ол бекеттерде тәулік бойы мекеме қызметкерлерінен кезекшіліктер ұйымдастырылуда.

Бекеттерге арнайы өрт сөндіру автотөліктері, Тракторлар соқасымен, арнай су тасығыш цистерналар қойылады және өртке қарсы барлық құрал жабдықтармен, рациялармен, телефонмен қамтамасыз етіледі. Бекеттер қоюымыздың себебі өрт оқиғасы байқалғанда жедел түрде мекеменің орталық кеңсесіне және аудандық Төтенше жағдайлар бөлі-

міне хабар беріп бекетте тұрған техникалармен өртті өшіру жұмыстарын уақытысында бастап өрттің ұлғайып кетуіне жол бермеу. Сонымен қатар жыл сайын ауылдық округтер әкімдіктерімен, шаруа қожалықтарымен, өндіріс орындарымен келісім шарттар жасалып өрт оқиғасы орын алған жайда ерікті техникалармен жасақшыларымен бірлесіп әрекет ету мақсатында командалар құрылып аудан әкімінің Өкімімінен арнайы бекітіліп жұмыстар жүргізіледі.

Жыл сайын 1 сәуір-1 қараша өрт қауіпті маусымы болып белгіленіп осы маусымда өртке қарсы іс-шаралар атқарылады. Орман қоры жерлерімен шекаралас орналасқан заңды және жеке тұлғаларға, ауыл әкімшіліктері, шаруа қожалықтары мен өндіріс орындарына өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау мақсатында мекеме қызметкерлері тарапынан нұсқамалар беріледі. Осы іс шаралардың барлығы орман қоры жерлерін өрттен сақтауға бағытталған жұмыстар. Өрттің шығу факторлары кей кездерде орман қоры жерімен шекаралас алқаптарда адамдардың өртті қасақана қойып өртеу жұмыстарынан өрттің көлемі ұлғайып орман қоры жеріне қауіп төндіріп жататын кездері де болады. Сол себепті жыл сайын халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келуде. Орманды сұғанақтықтан қорғау жұмыстары барысында мекеме қызметкерлері тарапынан аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп рейдтер ұйымдастырылып заң бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Жүргізілген рейдтер барысында 2021 жылы 66 әр түрлі заңбұзушылықтар анықталып тиісті әкімшілік хаттамалар толтырылып келтірілген шығындар өтелді және 2022 жылы жыл басынан бері 25 оқиға тіркеліп тиісті шаралар қабылданды. Рейдтерді жүргізу үшін мекемеде қызметкерлері 6-дана патрульдік автотөліктермен, 34 дана рациялармен, GPS-навигатор құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Ауданымыз құмды аймақ болғандықтан орман қоры жерлерінде алуға тым салынған сексеуіл ағаштары өседі. Сексеуілдің-шөлейтті аймақта және құм өңірінде өсетін басқа ағаш түрлерімен бірге құм тоқтатуда айрықша экологиялық мәні бар. Сексеуілді шамадан тыс және көп алқапта кесу сусымалы құмның ұлғайуына және экологиялық тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Сексеуіл ағашын сындырудың алдын алу шаралары барысында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сексеуіл ағашын қорғау мақсатында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 13 тамыздағы №211 бұйрығы республика аумағындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сексеуіл ағаштарының барлық кесік түрлеріне 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін шектеу қойылған. Сонымен қатар 2017 жылғы бірінші шілдеден «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер және жануарлар дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді. Осы заңның күшімен Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 32 бабына 4-4 тармақшасымен толықтырулар енгізіліп, 2017 жылдың 1-шілдесінен бастап Республика аумағында сексеуіл отындарын сауда нүктелерінде сатуға тиым салынды және Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 211 бұйрығына, 2018 жылдың 06.12.2018 жылы №17-5-6/326 және 28.03.2019 жылғы №17-5-6/82 санды бұйрықтарымен өзгертулер енгізіліп сексеуіл ағаштарын кесуге 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін тиым салынған. Сексеуілді орманының көлемін ұлғайту үшін әр жылы едәуір жұмыстар атқарылуда. Аң құстарды қорғау өсімін молайту үшін жыл сайын арнай Биотехникалық іс шаралар қабылданып жабайы аңдарға арнайы тұз жем-шөптер шашылап тиісті шаралар жүргізіліп отырылады. Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі бойынша сексеуіл ормандарын, аң құстарды қорғау өсімін молайту бағытында қазіргі таңда 55 орман күзеті қызметкерлері жүйелі жұмыстар атқаруда.

-Жүнісхан Мырзаханұлы «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі бойынша орман пайдалану бойынша жасалынған жұмыстары барысы қалай?

Орман заңнамалары негізінде орман қоры аумағында жыл сайын өртті болдырмау алдын алу және орманды зиянкестерден қорғау мақсатында орман алқаптарында тазалау жұмыстары жүргізіп отырылады. Соның бірі қазіргі таңда бізде қолданыстағы «өзгеде ағаш кесуден» «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі жерінің «Шолақорған», «Мойынқұм», «Созақ» орманшылықтары бойынша 2021 жылға өзге мақсаттағы пайдаланудан өтімді үйінділерді жинау (тазалау арқылы қураған, жел сұлатқан, дауыл опырған, қар сұлатқан, шіріген, ауырған т.б ағаштарды (бұталар) 29910 гектар жерден 5315 м3 (текше метр) 23.12.2020 жылы «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» РММ-сі басшысының бұйрығы негізінде рұқсат берілген. 31.12.2021ж. мемлекеттік орман қоры учаскелерінен жоспарлы 5315 м3 өтімді үйінділерді жинауға рұқсат етілген және жазылған ағаш кесу билеттері негізінде 5315 м3 сүрек босатылып одан 1 536 000 теңге орман түсімі алынған.

2022 жылға «Казатомпром-SaUran» ЖШС-гі және «Қаратау» ЖШС-не облыс әкімінің қаулысы негізінде уран өндіру үшін берілген алаңдарын тазалау мақсатында алынатын 191 м3 жүзген, 1974 м3 сексеуілге рұқсат алу үшін басқармаға тапсырыс хат жолданды, алдағы уақытта рұқсаты келіп аудан тұрғындарының тамызық отынға деген сұранысын толықтай қанағаттандыру жоспарлануда.

«КАТКО» БК ЖШС-не 04.06.2021 жылғы облыс әкімінің №131 қаулысы негізінде уран өндіру үшін берілген 605га жер көлемі алаңдарын тазалау үшін рұқсат берілген



953 м3 сексеуіл отыны аудан тұрғындарына тамызық ретінде толығымен босатылып, одан 1 706 800 теңге түсірілді. Сұрақ «Қазіргі таңда ауданымызда мал басының көбеюіне байланысты орман қоры жеріндегі жайылымдық жерлер бойынша мәлімет берсеңіз?»

Жалпы, мекеменің 1 014 898 гектар жерінің 101000 гектардан астам жері арнайы жайылымдық болып есептеледі. Орман қоры жерлерін 100-ден аса шаруа иелері жайылымдық немесе шабындық ретінде пайдаланады. Қыс мезгілінің суықтығына байланысты орман қоры негізі қыстық жайылым мақсатында пайдаланады. Пайдалану барысында орман қоры жерлерінде ҚР өрт қауіпсіздігі қағидаларын және орман кодексі бойынша қойылатын барлық талаптарды қатаң сақталуы керектігі ескертіліп, келісім шарт түзіледі. Жалпы, орман қорын пайдаланушының міндеті мен құқықтары туралы үн парақтар таратылып, тұрғындар арасында және БАҚ-ры арқылы тұрақты түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді, алайда кейбір жер пайдаланушылар алған жерлерінің өрт қауіпсіздігін сақтамау, немесе күл қоқысты шашып кету болмаса артезиан құдық сияқты су көздерін қоршап алу жайттары кездесіп жатады, бұндай жағдайда ескерту бере отырып әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде көрсетілген бабтарға сай айыппұлдар салынып, келісілген келісім шарттың күші жойылады.

Қазақстан Республикасының орман кодексінің 34 және 88 бабының 4 тармағын басшылыққа алып, орман пайдаланушының өтінішіне сәйкес орман билеті негізінде 1 жылға дейін орман қоры жерлерінде мал жаю және шөп шабу мақсатында пайдалануға болады. Биылғы жылы аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген сұрақтар Созақ - Шу тас жол бойындағы жол көлік оқиғаларының көбеюі салдарынан, өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында жол бойындағы табиғи шыққан сексеуілдер халыққа тегін таратылып берілді. Қолданыстағы орманды жанама пайдаланудың төлемақы ставкалары Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №42/437-VI шешімімен бекітілген қосымшасымен есептеледі.

«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі, 2021 жылы орман билеттері негізінде уақытша мал жаю үшін 102-жеке тұлға және 3-заңды тұлғаға берілген 81730 гектар жайылымдық жерлерден 6 149 496 теңге, ал орман билеті негізінде шөп шабуға 18 жеке және 1 заңды тұлғаға берілген 1670 гектардан 435 823,55 теңге алынды.

«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-не қарасты орман қоры жерлерін облыс әкімінің қаулысы негізінде уран өндіру үшін пайдалануға беріледі. Берілу барысында ол жердегі ағаш қорының мате-

риалдық-ақшалай бағалау ведомасы жасалады, атап айтқанда орман қорын пайдаланудан келіп түсетін шығын бағасы есептеледі. Мысалы, 2021 жылы облыс әкімінің қаулысымен «Қаратау» ЖШС-не 20.04.2021 жылғы облыс әкімінің №106 қаулысы негізінде уран өндіру үшін берілген 1327га жердегі ағаш бұталарының шығыны 3 184 313,88 теңге.

«КАТКО» БК ЖШС-не 04.06.2021 жылғы облыс әкімінің №131 қаулысы негізінде уран өндіру үшін берілген 5957,9444га жердегі ағаш бұталарының шығыны 14 369 452 теңге.

«Казатомпром-SaUran» ЖШС-не 18.08.2021 жылғы облыс әкімінің №180 қаулысы негізінде уран өндіру үшін берілген 1832,25га жердегі ағаш бұталарының шығыны 890 210 теңге.

«Нұр Дала» БК ЖШС-не 15.10.2021 жылғы облыс әкімінің №233 қаулысы негізінде уран барлау бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін берілген 4155,0418га жердегі ағаш бұталарының шығыны 40 719 604,87 теңге.

Жалпы мекеме бойынша 2021 жылы 68 657 000 теңгеден астам жергілікті бюджеттің орманды пайдалану шотына құйылды.

«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі, 2022 жылдың мамыр айына дейін орман билеттері негізінде уақытша мал жаю үшін 71-жеке тұлға және 13-заңды тұлғаға берілген 65 996 гектар жайылымдық жерлерден 5 493 000 теңге, ал орман билеті негізінде шөп шабуға 4 жеке тұлғаға берілген 650 гектардан 171000 теңге алынды. Барлығы 5 664 000 теңге.

«TAN Resources» ЖШС-не қатты қазбаларды анықтау мақсатында барлау-ізвестіру жұмыстарын жүргізу үшін сұраған 11 000 га жер көлемінің орман шығыны 45 048 583 теңге есептеліп берілді. Облыс әкімінің қаулысы шыққан жағдайда жергілікті бюджет есебіне құйылады.

«Созақ орман шаруашылығы мекемесі орманды қорғаумен қорғап өсімін молайтудан айналысатыны белгілі. Осыған орай жойылып бара жатқан құлан аңын өсіру жоспарланған екен. Осы жөнінде толық айта кетсеңіз?»

«Созақ ауданы жерінде құлан атауымен аталатын бірнеше жер-су аттары кездеседі. Ал жер-су атаулары барлығымызға белгілі, тарихта болған оқиға немесе басқада себептерге байланысты қойылады. Құлан атымен байланыстырылған жер-су атауларының кездесуі, біздің жерімізде ертеректе құланның мекендегенін дәлелдейді. Яғни, ауданымыздың шөлейтті даласын құланның тарихи мекені деп айтуға толық негіз бар.

Қарақұйрық пен құлан «Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 қазандағы №1034 қаулысына сәйкес сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлері болып табылады.

«Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» жабайы жануарларды қоныс аудару орталығын міндетті түрде тартып, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптарын сақтай отырып, қарақұйрықпен құланды қайта жерсіндіруге қарсы емес екенін жеткізді. Осыған орай «Алтын Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағынан құланмен қарақұйрықтың төлін алу және кейіннен қайта жерсіндіру үшін еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда уақытша ұстау үшін орман қоры жерінен, көлемі 200 гектар болатын тұқымбақ құрылды. Атап айтсақ осы тұқымбаққа құланның 5 аталығы мен 15 аналығын, қарақұйрықтың 3 аталығы, 12 аналығы және 5 төлін тірідей аулап жеткізілуі жоспарлануда.

Тұқымбақта құланның өсіп өнуіне барлық жағдай жасалынған. Тұқымбақ темір бағаналармен арнайы сеткамен сапалы қоршалған. Су тапшылығынан да ешқандай қиындықтар жоқ. Тұқымбақтағы аңдарды күтіп баптау үшін қарауылдар, жұмысшылар және ветеринар маманы жұмысқа алынды. Құланның жерсінудіне толықтай жағдай жасалынды деп айта аламыз.

Біз орман қоры жеріне құланды алып келу жоспарының орындалуын, ұдайы назарымызда ұстап, қарқынды жұмыс атқарудамыз. Созақ даласына қарақұйрық пен құланды алып келіп жерсіндіру және көбейте отырып еркіндікке жіберу, Созақ орман шаруашылығы мекемесінің ең ауқымды жоспарларының бірі. Бұл жұмыстар біздің жұмымыздың ғана емес Созақ ауданы тұрғындары үшін де маңызды әрі тарихи іс болады деп айта аламыз.

Созақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі ауданымыздың гүлденіп көгалдануына айтарлықтай үлес қосып келе жатыр. Орманды даланы қорғауға алып, еліміздің экологиялық жағдайын жақсарту үшін жұмыс жасаудамыз. Осы орман саласында ұзақ жылдардан бері еңбек етіп, орман шаруашылығын дамытуға үлесін қосып келе жатқан, орман шаруашылығының білікті мамандары Дәуленбаев Лесбек, Қалдәулет Орынбасар, Таңатар Сабырхан, Ажибаев Әділбек, Бекпенбетов Бақыт, Алтаев Әділдерді мақтанышпен айта аламыз. Бұдан кейін еліміздің көркейіп көгалдануына өз үлесімізді қосып, ауқымды жұмыстар атқарылады.

-Сұқбат беруге келіскеніңізге зор рахмет, жұмыстарыңызға тек толағай табыстар тілеймін!

-Сізге де рахмет, Мәке!

**Сұхбаттасқан:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**



Бала Сұлтанбек бүгін ерте оянды. Кешегі күні анасы Алмақызы айтқан қызықты әңгіме ойынан шығар емес. Сонау таудың ішіндегі өзінің кіндік қаны тамған Кебекбай бұлағын тағы бір көргісі келді. Шымен қоршалған шоланға кіріп шағын меске айраннан құйып алды, сосын сыпыраға оралған таба наннан аздап жолға жетердей үзіп алды да оны жол дорбасына орап салып алды. Үйдегілерден әлі біреуі де оянған жоқ. Қолына кеспелтек таяғын ұстап ауылдан ұзай берді. Сәлден кейін тауға ене кіріп, жалғыз аяқ соқпақ жолға түсіп алды. Арайлап атқан таңның нұры таулардың батыс беткейіне түскенімен, шығыс жақ беті түске дейін көлеңкеленіп күннің көзін көрсетпей тұрады. Таудың ұшар басында дала қыраны бүркіт баяу қалықтап ұшып жүр. Бүркіттің көзімен биіктен қарағанда бала Сұлтанбек жерде қыбырлаған қара ноқат болып көрінетін шығар. Былтырғы күзде бала Сұлтанбек Түркістан қаласындағы орыс түзем мектебіне оқуға қабылданған. Бір жылда көп көрім есейіп қалған. Жан жақтан келіп, бастары тоғысқан ауыл балалары білім алуға ынтық еді. Бала Сұлтанбек жаратылыс тану, тарих, есептану пәндерін ерекше жақсы көрді. Орыс жазушыларының шығармаларын да жата жастана оқыды. Бір жылда қаріп танып, қатарластарынан көш ілгері озық болды. Бала Сұлтанбектің бір жылдың ішінде есейгендігінің сыңайы ма туған жердің, ауылының, әсіресе күн ұзақ Ақбикеш кесенесін айналдықтап қызықтаумен болды. Кесенеден сәл ұзақтау отырып қара қараңдашпен ақ қағазға суретін салып, төмендегі ауылдың қыбырлаған тіршілігіне ұзақты күн қызыға қарап отырады. Міне, күн тура төбеге шығып шақыра бастады. Бірақ әлі Кебекбай бұлағының желкесі көрінер емес. Жолшыбай жалғыз аяқ жолдың сол жақ бетіндегі кесене орындарын бір аралап көріп шықты. Бұл атақты Басықара әулиенің кесенесі.

Ақсұмбе ауылы киелі орындарға бай. Бір Ақсұмбе батырдың зираты неге тұрады? Зиратына қарап онда алып адамның жатқанын байқауға болады. Қарлығаш әулие, Қылышқара киелі орындары бала Сұлтанбектің есін білетін кезінен бері талай аралаған жерлері.

Екі сай асып, үшінші белге көтерілгенде Кебекбайдың жазық алқабы да алдынан құшағын айқара ашып шыға келді. Бұлақ жағасы көк құрғақ. Осы бұлақтың басында бала Сұлтанбек дүниеге келген. Шыр етіп дүние есігін ашып, өмір деген тірі тіршілік иелерінің мекенінен орын беретін дүниеге осы бал бұлақтың жағасында келген. Осы бұлақтың суына шомылған. Суын нәр етіп ішкен. Шидің іші толы, жырттылып айырылатын қоянымен, тау кекілігімен, бірге өсті десе де болады. Әкесі Қожан бақуатты болса да қақпан құрып, тазы ертіп, берен мылтық ұстап саятшылық қыратын. Әкесі қақпанға түсірген, не болмаса атып әкелген аң-құсына аяушылық жасап, көзі жасаурап өлімге қимайтын. Бала Сұлтанбектің бала жасынан мінезі тік, қайсарлық пен қайраттылық тұлға бойын билеп алса да жана-шырлық, аяушылық сезімдері де ояу болатын. Өзінің кіндік қаны тамған Кебекбай бұлағының жағасына жетіп барып көк шалғын жағасына жантая кетті. Дорбасынан айран құй-



Бала Сұлтанбек

ылған месі мен қағазға орап алған таба нанын шығарып әлденіп алды. Қарны 2-3 сағат ішінде әбден ашыққан сыңайлы күндегідей емес, бүгін айран да ерекше тәтті, дәмді көрінгендей болды. Бұлақтың бетін балдырлар мен шөптің шірінділері басып, қаймақтана кілкіп тұр. Төменге қарай ағатын арықшалар да бітеліп қалған. Бала Сұлтанбек көйлегінің екі жеңін білегіне дейін түріп алды да бұлақ көзі мен арығын тазалауға кірісті. Осы бұлақ ішінде үйдің сүті де айраны да бөлек-бөлек ыдыспен тұратын. Анасы Алмақыз таспен бастырып қоятын. Тауды кезіп қозы-лағын, кей күндері қой-ешкілерді бағып келіп, тал түсте көк майсаға қойды иіріп тастап жолай бұлақ көзінде тұрған айраннан сіміргенде «Төу шіркін-ай!» деген сөз аузымнан еріксіз шығып кететін. Бала Сұлтанбек бір жасқа толған жылы мұнда тағы да екі үй көшіп келді. Бірі Сапарбай болыстың өзі мен екіншісі сол болыстың малын бағатын жалшысының үйі болатын. Бұрынғыдай шошайған жалғыз үй емес, екеу болған соң тірлігі өніп, қолына кетпенін алған Қожан бұлақтың етек жағына қауын-қарбыздық жерлерді өңдеуге кірісті. Бұлақтың суы қара күзде дейін бақшалыққа жарап тұрды. Таудың беткейінен рауғаш, тау жуа, ит мұрын, тау шие, долана, сарымсақ деген тамаққа қосатын, шаймен ішетін жеміс жидектерді де бала Сұлтанбек теруге әуес болды.

Кейін үш-төрт жасқа келгенде қыр асып, бел асып келген жолаушылардың алдынан жүгіре шығып, атынан түсіріп, атын анау тұстағы мама ағашқа байлап күтіп алып, үйге алып кіретін. Сол кіргеннен жолаушы жолға аттанып кеткенше ұзын сонар әңгімесін тыңдап шығарып салатын. Кісі кеткен соң әлгі жолаушының әңгімесі арасында түсінбеген сөздерін әкесінен сұрайтын.

-Әке, кіре деген не? Артель деген не, қияқ деген қандай дәрілік шөп? Әкесі болса баласының зеректігі мен қағылездігіне риза болып асықпай бабымен түсіндіретін. Осы Сапарбай болыстың үйіне келген бір жолаушы бала Сұлтанбектің зеректігі мен құйма құлақтығына разы болып өзі алып жүретін «Алпамыс батыр» жыры кітабын тарту еткен еді. Сол кітапты таудың беткейіндегі үлкен қой тастың үстіне шығып күні бойы дауыстап оқитын. Ақырында батырлар жырын жаттап алды.

Кебекбай Сұлтанбектің ата-

сы. Кебекбай бұлағына баратын жолда Күрдек арқылы жүреңіз Ақсұмбеден шыққанда Атқоратау, Күрдек, Басықара асуы, Естек бел, арқылы Ақтұма бұлағы, Шымбайдың басы арқылы Кебекбай бұлағына барады. Кебекбайға баратын екінші жол Ақсұмбе, Ешкі ауыл, Ақсұмбе әулиесі. Қоспа, Қара жартас бұлағы, Өтеміс бұлағы, Шымбай бұлағының аяқ жағы, Қайнар бұлағы, Қорамсақ арқылы Кебекбай бұлағына баруға болады.

Сұлтанбектің әкесі Кебекбайұлы Қожан елге сыйлы, өсіп өнген, дәулеті мен сәулеті жарасқан ардақты жан. Қожанның төрт әйелі болған алғашқы әйелі Алмақыз, одан кейінгі жары Төлебикині әмеңгерлік жолмен (інісі Қоңқақ қайтыс болғаннан кейін) «Ерден кетсе де, елден кетпейді» деген дәстүрмен алған. Кейінгі аналарымыз Көпей мен Айман апалар. Төрт анамыздан да ұрпақ сүйген. Алмақыз ападан Қалайы (кейін Бұзау апа аталып кеткен), Сұлтанбек, Райымбек, Райыс, сүт кенжесі Өзіпа деген қызы болыпты. Әмеңгерлік салтпен алған Төлебикиден Шәмші, Қамар, Қанай, атты ұлдар мен Бибарал, Жамал атты қыздар сүйген. Көпей анадан Сейділда, Айман ападан Ұзақбай атты ұлдары бар екен. Қожан атамның кіндігінен сегіз ұл, төрт қыз өрбіген. Қожан алысты болжай білетін, алыс-жақындағы ел жақсылары, әсіресе өнер адамдары, ақындар мен күйшілер, термешілер осы Қожанның үйіне жиі түсетін болған. Қожан Ақсұмбе ауылындағы дәулеті мен сәулеті сай келген билер түсетін үй болған. Ол заманда халқымызда көп әйел алу салты басымы болатын. Әрине, көп әйелді кез келген кедей адам ала алмайтыны белгілі. Демек, Қожан сол уақыттағы бақуатты азаматтардың бірі болған. Сол уақытта Сапарбай болыстың бес әйелі, Ыбырайым бидің үш әйелі, Құнанбай қажының төрт әйелі, хакім Абайдың үш әйелі болған. Қожан замандасы Шәді төре сияқты шығыстың класикалық үлгідегі ғажайып дастандарын кешке қарай көпшілік қауым жиналғанда дауыстап оқып беру арқылы рухани нәр беріп отырған. Рухи биік батырлар жыры, мәңгілік махаббат жырларын арқау еткен лиро эпостарды, сөз сайысының қайталанбас түрі айттыс өнерін, даналық мектебінің туындылары шешендік өнер, билер тағылымы бала Сұлтанбекке зор әсер етті.

«Әке көрген оқ жонар» деген мекші отбасындағы әке тәрбиесі, әке тұлғасы бала Сұлтанбек үшін тәрбие мектебі болды. Төрт ананың ортасында тел өскен Сұлтанбек бардың да, жоқтың қадірін ұға білді. Маңайдағы қойшы, жалшының балаларын жақсы көрді. Солармен ойнады, солармен таудың қия жартастарына шығып, сайын дала төсіне биіктен көз салып, Арқа төсіне күн ұзақ тау шыңынан көзі талғанша қарап отыратын. Ол сайын даланы, қарлы шыңдарды, тау ішіндегі күркіреген өзендерді, тастан тасқа секірген арқарларды қызыға тамашалайтын. Сұлтанбек Қожанов сынды қайсар ұлдың

мекші отбасындағы әке тәрбиесі, әке тұлғасы бала Сұлтанбек үшін тәрбие мектебі болды. Төрт ананың ортасында тел өскен Сұлтанбек бардың да, жоқтың қадірін ұға білді. Маңайдағы қойшы, жалшының балаларын жақсы көрді. Солармен ойнады, солармен таудың қия жартастарына шығып, сайын дала төсіне биіктен көз салып, Арқа төсіне күн ұзақ тау шыңынан көзі талғанша қарап отыратын. Ол сайын даланы, қарлы шыңдарды, тау ішіндегі күркіреген өзендерді, тастан тасқа секірген арқарларды қызыға тамашалайтын. Сұлтанбек Қожанов сынды қайсар ұлдың

тұста мерт болып, Күрдек өзені бойында жерленген екен. Ақсұмбе батыр, Абақ батыр туралы өткен жолаушылардан мол мағлұмат әңгіме естіген бала Сұлтанбектің демалысы аяқталып, Түркістанға оқуына барғанда бірге оқитын құйма құлақ балаларға қызыға әңгімелеп беретін. Бала Сұлтанбек Кебекбай бұлағында, ата жұртына түс ауа жеткенімен біраз маңайды шөліп, енді күн батпай Ақсұмбеге кері сайтуға жинала бастағанда белден бері асып түскенаттылы жолаушыны байқап қалды. Ол жолаушы тіке бұл тұрған бұлаққа астындағы атының бетін төте-

лей бұра тартты. Бұл әйгілі Қаратауға есімі таныс Бапыш күйші еді. Алдынан шығыпамандасып атынан түсуіне көмектеспек еді. Ширақ қимылды күйші «өзім түсемін рахмет!» деген ишараны қолымен көрсете атынан ылды-жылдым түсе қалды. Атының еріне байлап алған ескі домбырасы бар екен. -Кімнің баласысың, елсіз жерде қайдан жүрсің?-деп бастырмалата қойған сұрақтың астында қалдық. -Көке, мен Қожанның ұлымын, Кебекбайдың немересімін. Түркістанда орыс түзем мектебінде оқимын. Мынау атамның бұлағы. Мен осы бұлақтың жағасында дүниеге келіппін. Ескі жұртты көріп кетейін деп келдім. Өзіңіз кім боласыз? Қайда бет алдыңыз?-деп сабырлы пішінмен. -Болатын бала бойынан демекші, өзің тәрбиелі, тәлімді бала екенсің айналайын. Мен Бапыш деген күйшімін. Мекенім Қозмолдақ, Сызған, бет алысым Шилегі бара жатыр едім. Күн батпай ел шетіне іліксем деймін. Елдің шақыруымен кетіп барамын, айналайын,- деді. Бапыш күйші күміс сақалын екі қолымен сипай атқа қонды. Өзіне серік табылғанына қуанған бала Сұлтанбек асыға Бапыш күйшіге ілесіп кете барды.

Р.С.Таудың ішіне тереңдеген сайын қиындай түскен жолмен тарихи орынды көруге асыға жеттік. Сұлтанбек Қожанов атындағы өлкетану музейінің директоры Ниязәлі Дүйсенбеков ағамыз бастаған, Гүлнар, Айгүл, Назгүл қарындастарымыз қостаған топпен бірге алаш ардақтысы Сұлтанбек Қожанов, бала Сұлтанбек ойнаған, жігіт Сұлтанбек үлкен өмірге аттанған бұлақ басына бардық. Бұлақ басындағы ауылдың орны бүгінде көкмайса жайыл. Бізді сол таудың қиын да, асу бермес шатқалдарымен өз көлігімен алып барып қайтқан ақсұмбелік Жандос бауырымыздың да атына ризашылық алғысымызды айта кеткенді жөн санадым. Мамыр айының басында әйгілі Кебекбайдың жайлауына барып Сұлтанбек жұтқан ауадан жұтып, бала Сұлтанбек суын ішкен кәусар Кебекбай бұлағынан су ішіп, құран бағыштап оралдық.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан жазушылар
Одағының мүшесі.

Қоғамдастық жиыны өтеді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, көшелерге атау беру оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары туралы» №138 Қаулысына сәйкес,

Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында 2022 жылдың мамыр айының 31-жылдызы күні сағ: 11:00 де қоғамдастық жиыны өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібіндегі мәселе Созақ ауылдық округіне қарасты Көктөбе, Ыбырай елді мекендеріндегі атауы жоқ көшелерге атау беру мәселесі қойылған.

**«Созақ ауданының Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.
Байланыс телефоны: 3-15-81, 3-15-36.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші «Ай бегім» ЖШС-нің операторы Жеңіс тел. 8-775-993-94-95 Ұялы телефоны, бағасы 195 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолаққорған ауылдық округіндегі «Ақниет» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің Ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Табиғатымызды аялайық!

Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыз сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянаттымыз. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызың орындалғаны болар еді. Орман өртінен болдырмау өз қолымызда жерлестер!

**Талғат САДУОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің күзетші-қорықшысы.**

Орман өртінен абай болайық!

Биылғы жылы жауынның мол түсуіне байланысты шөп қалың қаулап өсуде. Күн қатты ысыса өрттің шығуына мол мүмкіндік бар. Осыған орай табиғат өрттерінің алдын алу және ескерту бойынша жұмыс жоспарлы әрі тұрақты жүргізілуде. Қоршаған ортаны өрттен қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек.

«Сақтансаң сақтаймын» дегенді дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Демек, сақтық шараларына мәне беріп, таулы алқаптарды, орманды, жайылымдық жерлерді өрттен сақтай білуіміз қажет.

**Әлібек ДАУЫЛБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің күзетші-қорықшысы.**

Асқа шақырамыз

Тасты ауылының тұрғыны, адал жар, аяулы әке, **Диланов Біржан Қалиұлының** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болды. Артында бес ұл, бір қызы, жан жары қалды.

**Тағдырға амал барма көнесің де,
Бейнеңіз қалды өшпестей ел есінде.
Қырықтың ауылына кеп қалғанда,
Мініп кеттің келмесің кемесіңде.
Таусылып тірліктегі дәм-тұзыңыз,
Ағып түсті жан әке жұлдызыңыз.**

**Жоқтағанмен уақыт, тоқтамайды,
Сағынар асыл жарыңыз, ұл-қызыңыз-дей** отырып марқұм Диланов Біржан Қалиұлы әкеміздің рухына бағыштап Тасты ауылы Қажымқан көшесіндегі №10-шы үйдегі өз шаңырағында 3 маусым күні қонақ асы (18-00 де), 4 маусым күні (12-00-де) өтетінін жылдық асына ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: ата-анасы, жары, ұл-қыздары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл—сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

Қазақстан Республикасының

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім

деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

**Сыздық ТАЖБЕНОВ,
Созақ аудандық сотының аға сот приставы.**


Назар аударыңыз, тегін ОНЛАЙН ОҚУ!

«Даму» Қоры BIG MONEY UNIVERSITY KAZAKHSTAN-мен бірлесіп кәсіпкерлер үшін тұңғыш рет тегін онлайн-оқытуды бастады.

Әр сабақта қазақстандық және халықаралық бизнесмен-спикерлер кәсіп аспақ болған немесе ісін одан әрі дамытқысы келетін талаптыларға жөн сілтеп, тәжірибе бөліседі. Ашыла салып жабылмай, банкрот болып қалмау, нарықта ойып орын алу үшін қандай қиындықтарды ескеру қажет екенін түсіндіреді.

Сіз кез-келген уақытта және ыңғайлы жерде оқи аласыз. Күні бойы жұмыста болсаңыз да бизнес бағытын жақсартатын онлайн бағдарламаны меңгеруге мүмкіндігіңіз бар. Тек оқуға деген ынта мен интернет болса болғаны!

Мүмкіндікті мүлт жібермеңіз! Тіркеңіз!
<https://ed.bigmoneyuniversity.com/lwxdzbcq>



Уважаемые предприниматели!

Информируем вас о том, что Фонд «Даму» совместно с BigMoneyUniversityKazakhstan запустил бесплатный курс онлайн-обучения для начинающих и действующих предпринимателей.

В рамках обучения казахстанские и международные эксперты - действующие бизнесмены поделятся с вами собственным опытом и знаниями в области запуска успешного проекта. На курсе вы узнаете, как найти правильную нишу, оформить бизнес и выстроить внутренние процессы. Научитесь планировать бюджет, сможете открыть своё дело или вывести действующий бизнес на новый уровень.

Гибкий график обучения позволяет изучать материал в удобное для вас время и в своем собственном темпе. Изучайте материал в дороге, на прогулке, в спортзале или дома - в любом месте, где есть интернет.

Зарегистрироваться на курс можно по ссылке <https://ed.bigmoneyuniversity.com/lwxdzbcq/>.

Жылжымайтын мүлікті онлайн тіркеу

Өткен жылдың шілде айында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы екінің деңгейлі банктермен бірлесіп («Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, «Отбасы банк» АҚ), Blockchain технологиясымен «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» қызметін көрсету процесін автоматтандыру және оңтайландыру бойынша пилоттық жобаны іске қосқан болатын. Пилоттық жоба іске қосылған сәттен бастап қазақстандықтар кепіл шарттарды мемлекеттік тіркеуге 11 515 өтініш берген. Оның ішінде «Отбасы банкі» арқылы - 6429, «Қазақстан Халық банкі» АҚ арқылы - 2629, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ арқылы - 2457 өтініш қабылданған.

Енді банктер жаңа технологияны қолдана отырып қажетті құжаттарды ХҚО-ға өзі жібереді. Бұл қызмет көрсету

мерзімін 3 күннен 1 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Құқықтық талдау процесін автоматтандырудың арқасында банктер өтінім берген сәттен бастап тіркеуге дейінгі уақыт 3 минутты құрады. Жаңа технология адами фактор әсерін толықтай болдырмауға мүмкіндік береді. Осы уақытқа дейін құқықтық талдау процесін автоматтандыру арқылы 2591 өтініш берілді. Бұрын азаматтар жылжымайтын мүліктің кепіл шартын тіркеу үшін банктен алған құжаттарды өз қолымен ХҚО-ға апаруы тиіс болатын. Онда кепіл шартты тіркеп, ауыртпалық туралы анықтаманы алып, тіркелген шартпен бірге банкке қайта келетін. Blockchain технологиясының арқасында процесс автоматтандырылды. Клиенттер жылжымайтын мүліктің тіркелгенін растайтын құжаттарды алу үшін ХҚО-ға бармаса да болады. Мемлекеттік қызметтің нәтижесі egov.kz порталындағы

жеке кабинетінде әрдайым қолжетімді. Азаматтарға арналған үкімет egov.kz порталы арқылы жылжымайтын мүлік бойынша келесі қызметтерді онлайн алуға болатынын естеріңізге салады: -Заңдық талаптардың туындауын тіркеу; -Заңдық талаптардың тоқтатылуын тіркеу; -Кепілді, рентаны, пайдалануды тіркеу; -Шарт талаптарының өзгеруі нәтижесінде ауыртпалықтардың өзгерістерін тіркеу; -Қайта кепілді тіркеу; -Құқықтың ауысуына байланысты емес ауыртпалықты тоқтатуды тіркеу; -Міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарламаны тіркеу; -Сауда-саттық туралы хабарламаны тіркеу; -Қарыз шарты бойынша талап ету құқығын басқаға беруді тіркеу.

**Таңат ЖАРЫМБЕТОВ,
Созақ ауданы халыққа қызмет көрсету орталығының маманы.**

Жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру кезінде қойылатын талаптар

Жаз мезгілі келісімен, балалардың демалысын ұйымдастырып, түрлі сауықтыру ұйымдарына жіберіп жатамыз. Жазғы сауықтыру ұйымдары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болғанда ғана балалар мен жасөспірімдердің сауықтырылуы және демалуы тиімді болады. Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерге әрбір баланың денсаулығына және балалардың жазғы демалысының күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Шомылу тәртібі. Шомылуға арналған су бетінің шекарасы ашық түсті, жақсы көрінетін қалқытын белгілермен белгіленеді. Жағажайдың аумағында бірі-бірінен 40 м аспайтын қашықтықта қоқыс жинауға арналған урналар орнатылады.

Жыл сайын жағажайда таза құжаттық демалыс мекемелерінің жұмысын бастамас бұрын олардың санитарлық жағдайын қалыпқа келтіру шаралары жүргізілуі тиіс. Ол үшін материалдық-техникалық базаны дайындау, сумен қамту, көріз жүйелерін жақсарту, технологиялық және мұздатқыш қон-

дырғыларының дұрыстығын қадағалау қажет. Бұл жұқпалы ішек аурулары мен тамақтан уланудың алдын алады. Балаларды сапалы және қауіпсіз тамақпен қамтамасыз етуге жағдай жасалуы тиіс.

Лагерь қызметкерлерінің гигиеналық дайындықтары мен алдын ала медициналық тексеруден өтуі де бақылауда ұсталуы қажет.

Ескертеміз! Инфекциялық және жаппай уланудың пайда болуы және таралуының алдын алу мақсатында майонез қосылған күрделі салат өнімдерін тамақ рационында болмауын қадағалау қажет. Жазғы сауықтыру мекемелерінде балалардың сапалы ауыз сумен қамтылуына, медициналық қызмет көрсетуіне, балалардың толық құнды, құнарлы тамақтануына мекеме басшылары және лагер жетекшілері жауапкершілікпен қарап, аса мән беруге керек.

**Ф.БҰРХАНБАЕВА,
Созақ аудандық СЭББ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттер бақылау бөлімінің бас маманы.**

ГІРШІЛЕРІМІЗ АЗИЯ БІРІНШІЛІГІНДЕ КӨШ БАСТАДЫ

озақ спортының даңқын асқақтатып тұрған жерлестеріміздің қатарына бірші-балуандарымызды жатқызуға болады. Бұл жәйтқа аудан жұртшылығы әбден қанық. Ендеше, сол білекті-балуандарымыздың кезекті бір жеңісімен оқырмандарымыздан сүйінші сұрап, құттықтап қоюдың реті келіп тұр.

Нақтырақ айтсам, өткен сәуір айының 25-29 күндері аралығында еліміздің ең әсем, табиғаты көркем қаласы Бурабайда бір көтеру спортынан Азия чемпионы болып өтті. Өздеріңіз де жақсы білесіздер, Теріскейлік біршілеріміз тек ауданымыздың ғана емес, облыс, тіпті республикамыздың



намысын небір байрақты бәсекелерде қорғап, үлкен жеңістермен оралып жүр. Бұл жолғы, Бурабайда өткен білектілер бәсекесіне де 6 мемлекеттен 350 жуық біршілер келіп қатысты. Табиғаты жағынан Қазақстанның мақтанышы Бурабайда өткен байрақты бәсекеде білекті балуандарымыз 5 алтын, 2 күміс және 1 қола медальды иеленіп, 6 мемлекеттің ішінде көш бастады. Атап айтар болсам, көрікті Көкшетау жеріне көш бастап барған ардагер спортшымыз, жерлес спортшыларымыздың жаттықтырушысы Серікбаев Мұрат Тұрсынбайұлы ардагерлер арасында күш сынасып, ұзын циклді көтеруден 73 кг салмақта да көш бастады. Онан соң, ауданымыздың мақтанышы, Әлем және Еуропаның, Азия менен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Орынбасаров Қобыланды Сауранұлы ересектер арасында 73 кг салмақта ұзын циклді көтеруден жеңімпаз атанды және қос сайыста 32 келі келетін бір тасын 82 рет көтеріп, Қазақстанның рекордын жаңартты.

Ал, жастар арасында Сабыр Нурсултан 63 кг салмақта және серпе көтеруден Ахмет Ерболат +95 кг салмақта 1-орынды иеленді. Ал енді, әуесқойлар арасында ұзын циклді көтеруден Оңалбай Алмас 63 кг салмақта көш бастады. Сондай-ақ, жасөспірімдер арасында өнер көрсеткен Баби Орынбасар 63кг салмақта ұзын циклді көтеруден 2-орынға қол жеткізді. Тағы да, Тауыпалды Айдын ұзын циклді көтеруден 2-орынға, Ергешбай Еркебұлан 53 кг салмақта жұлқа көтеруден 3-орынға табан тіреді.

Әне, ағайын! Қашанда, қандай біріншілік және қайда болмасын Мұрат Тұрсынбайұлы бастаған біршілеріміз тек жеңіспен, еліміздің, ауданымыздың мерейін асқақ етіп оралуды әдетке айналдырған барлығымыз жақсы білеміз. Білекті балуандарымыз үшін жарыстың үлкен-кішісі жоқ. Себебі, қайсысы болмасын оңайлықпен келмейтінін олар жақсы біледі және ұстаздарынан көрген тәрбиелері сондай. Ендеше, бұл Созақтық саңлақ спортшыларымызға да сәттілік серік болсын! Қайда жүрмесін, қайда бармасын, қандай біріншілікке қатыспасын елімізге абыроймен, жеңіспен жетуді жалғастыра берсін! Ал, сіз бенен біз солардың тілеуін тілеп, жеңісіне марқая жүрейік!

Данияр Құл-АХМЕДУЛЫ.

Дүниежүзілік еңбек қауіпсіздігі күніне орай

Жыл сайын көктем айында (Сәуір айының соңғы аптасынан бастап) бүкіл әлемде өндірістің жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алуды насихаттау мақсатында барлық елдер Дүниежүзілік еңбек қауіпсіздігі күнін атап өтеді.

Компаниямыздың саясатына сәйкес қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі әрқашан сөзсіз басымдық болып келді және бо-



Жұмысшылар өмірі бәрінен маңызды

лып қала береді. Компания өндірістік жарақаттарды жоюға тырысады және осы саланы жақсарту үшін үнемі жұмыс істейді. Дегенмен, еңбекті қорғау, жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелері өзекті болып қала береді және үнемі және күшейтілген назар аударуды талап етеді.

«АППАК» ЖШС «Мыңқұдық» кен орнының «Западный» кенішінде Халықаралық еңбекті қорғау және қауіпсіздік күніне арналған іс-шараларды өткізу мақсатында қауіпсіздік бөлімінің мамандары кеніштің медицина қызметкерлерімен бірлесіп: «Кене, жылан, қарақұрт шағуы. Шағудан қорғау, алдын алу және алғашқы көмек»

тақырыпта оқу-әдістемелік іс-шара өткізді.

Ақпараттық стендтерде «АППАК» ЖШС басшылығының Дүниежүзілік еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау күніне арналған жадынамалар, үгіт-насихат плакаттары және үндеулері орналастырылған.

Кеніш қауіпсіздігі бөлімінің мамандарымен, кеніш басшылығымен және бас мамандармен бірлесіп, «АППАК» ЖШС кеніші нысандарындағы және мердігерлердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайына тексерулер жүргізілді.

«АППАК» ЖШС кеніші бөлімшелердің қызметкерлері арасында еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін білуге келесі номинациялар бойынша конкурс ұйымда-

стырылды:

1. Қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, Near Miss анықтау;

2. Мінез-құлық қауіпсіздігі аудитін (PAB) жүргізу;

3. Қызметкерлердің қауіпті жұмыстарды тоқтату әдістемесін қолдану (STOP - Карта);

4. LOTO жүйелерін қолдану (Lockout Tagout);

5. Қауіпсіздік техникасының 5 қадамын сақтай отырып жұмысты орындау.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін білуге арналған байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар алғыс хаттармен марапатталды.

М.ҚАРҒАБАЙ.

Кәсіподақ ұйымы құттықтады



Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрағасы Манас Қасым, мүшесі Ержан Қарауылов 9 мамыр-Жеңіс күніне орай аудандағы майдангер жалғыз ұстаз Жылысбаев Мырзахмет қарияның Қозмолдақ ауылындағы өз үйіне арнайы барып, мерекемен құттықтап кәсіподақ ұйымы атынан сый-сияпат тарту етіп құрмет көрсетіп қайтты. Ардагер ұстаз өзінің ізбасарларына аталық ақ батасын беріп, ризашылығын білдірді. Кәсіподақ басшысымен бірге Фани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің директоры Оразхан Жұбаевта бірге болды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Тарихта мәңгі ізі қалатын Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл 77 жыл толып отыр. Жылдар жылжыған сайын ауданымыздағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары азайып бара жатыр. Бүгінде аудан бойынша 2 ардагер ортамызда. Олар Жылысбаев Мырзахмет пен Тағиев Шамиль аталарымыз.

Аталған ардагерлерімізге жыл сайын Жеңіс күні мерекесі қарсаңында түрлі марапаттар мен сый-сияпаттар жасалып, құрмет көрсетіліп жатады. Бұл жылы да ардагерлерімізді Жеңіс мерекесімен құттықтау

ардагердің үйіне «Созақ серілері» тобын шақырып, әннен шашу шашып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

-Сұрапыл соғыстың Ұлы Жеңіспен аяқталғанына да талай жылдар өтсе де, Сіздердің ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды. Бүгінгі бейбіт күніміз сіздердің жанқиярлық әрекеттеріңіздің арқасы деп білеміз. Бұл ерліктеріңізді болашақ ұрпақ әрдайым жадында ұстап, мәңгілікке есімдеріңізді ұмытпайды деп білеміз. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін!—деді өндіріс басшысы Асқар Қадырбекұлы.

Ардагерге құрмет көрсетті



үшін «Казатомпром-SaUran» ЖШС-нің Бас директоры Нурғалиев Асқар Қадырбекұлы және де бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Майлыбаев Алмас Абдиллаұлы арнайы Жылысбаев Мырзахмет ардагердің үйіне барып, сый-сияпат жасап, мерекемен құттықтап қайтты. Сондай-ақ, өндіріс басшылары

Жыл сайын ардагерлерге, жергілікті тұрғындарға түрлі көмектер көрсетіп отыратын, әрдайым жақсы істің жанынан табылып жүретін өндіріс орнына, басшыларына ардагер қария Мырзахмет атамның өзінің ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

Қ.НҰРМАНҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нурсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.